

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTFZ5430>**\*Ж. Ж. Аитова<sup>1</sup>, А. К. Хусаинова<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

\*e-mail: [Aitova\\_1@mail.ru](mailto:Aitova_1@mail.ru)<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3771-2656><sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6100-5321>

## **ТҮРІК ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІНІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада түрік әдебиетіндегі әйелдер бейнесі қазақ халық ауыз әдебиетімен салыстыра талданып, фольклорлық мұрадағы әйел культі түркілік дүниетанымдағы мифтік құбылыстармен және ертегілер мен мақал-мәтелдердегі әйелдер образымен біртұтастықта талқыланып беріледі.*

*Қазіргі таңда әйелдің ауыз әдебиетіндегі қоғамдық рөлін айқындап, ана бейнесінің, жалпы әйел кейіпкерлерінің фольклорлық мұралардағы көрінісін салыстырмалы талдау мәселесі гендерлік саясат тұрғысынан алғанда өзекті тақырыптар қатарынан табылады. Жалпы алғанда көркем әдебиеттегі әйел образының берілуі халық ауыз әдебиетінен қазіргі кезең әдебиетіне дейін әдебиеттану ғылымында қарастырылып келе жатыр. Сол себепті де зерттеу мақалада әйелдер бейнесінің ежелгі көнетүркілік адамзат дамуындағы жетекші орны айқындалып, отбасы ұйымдасуына айналған кезеңіне дейінгі сипаты нақты туындылар аясында талданып ашылады. Әйелдер образының алғашқы кезеңдегі құдіреттілік сипатының біртеңдеп қоғамның дамуына, көршілес әдебиеттердің әсерінен жағымды немесе жағымсыз сипатқа ие болуы сараланып беріледі. Түрік және қазақ мақал-мәтелдеріндегі әйелдер бейнесінің отбасы институтын құрудағы орны айқындалады. Жалпы алғанда зерттеу мақалада түркі дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі түрік халық ауыз әдебиетіндегі мол мұралар мен халықтың тұрмыс-тіршілігі сабақтастырыла талданып, түрік әдебиетінің әлемдік фольклортану ғылымы аясындағы өзіндік ерекшеліктері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: сюжет, мифология, архетипикалық бейне, әйел-ана культі, медда, мифтік сана, паремиялогия.*

## **Кіріспе**

Ерте замандардан бастап, қазіргі кезеңдегі әлемдік әдебиетте кейіпкер бейнесін сомдауда әйелдер бейнесінсіз елестету әсте мүмкін емес. Әр халықтың ауыз әдебиетінен бастап, қазіргі заман әдебиетіне дейінгі кезеңде пайда болған әр туынды сюжеті әйел бейнесімен өрілді.

«Әйел» ұғымы ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, сыртқы бейне мен мінездің белгілі бір қасиеттерін, отбасының, тұрмыстық, әлеуметтік өмірдің белгіленген функцияларын қамтитын негізгі стереотиптік ұғымдарды қамтиды. Ең алдымен «әйел» ұғымы, «әйел» концептісі мәселесіне келетін болсақ, зерттеуші А. Смайловтың «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени тақырыбындағы» еңбегінде «Әйел» ұғымына байланысты ұлттық танымның сипаты жинақталып беріледі, бұл өз кезегінде бұл қазіргі жаһандану заманындағы «Әйел» концептісіне қатысты ұғым-түсініктердің тұрақты немесе өзгерістерге ұшырау үдерісі үшін маңызды. Бұл еңбекте когнитивтік бағыттың ұстанымдарының негізінде «әйел» атауына қатысты ассоциациялық фондық образы, ұғымдық мәні ортақ концептуалдық өрістер, ұлт мәдениетінің танымдық-ақпараттық ерекшеліктерін айқындайтын концепт құрылымдар жүйеленген әрі әйел бейнесінің лингвомәдени мазмұны мен символдық мәні сипатталған [1].

Әдебиетіміздің даму тарихында, қазақ халқының мол фольклорлық мұраларында да әйелдер бейнесі жан-жақты қарастырылып, зерттеліп келеді. Фольклористика ғылымының бастауында қазақ халқының бай ауыз әдебиеті мен мифологиялық дүниетанымын зерттеуші ғалымдарымыз А. Байтұрсынов [2], М. Әуезов [3], М. Ғабдуллин [4], Ә. Қоңыратбаев [5], Е. Тұрсыновтар [6] тұрса, әйел бейнесінің мифтегі көрінісі И. В. Стеблева [7], С. Қасқабасов [8] еңбектерінде көрініс тапқан. Әлем халықтары ертегілері мен мифтері жайлы зерделеген ғалымдар В. Гордлевский [9] мен ғалымдар Е. И. Балакина, Л. И. Нехвядович [10], Muhamtem Kaуa [11] еңбектерінде ежелгі түркі әлеміндегі әйел-ана және түрік ауыз әдебиетіндегі әйелдер бейнесіне жан-жақты тоқталып, пайымды тұжырымдар жасаған.

## **Материалдар мен әдістері**

Зерттеу мәселесі бойынша қазақ және түрік халық ауыз әдебиеті үлгілерін талдау барысында салыстырмалы-тарихи талдау және құрылымдық талдау әдістері пайдаланылды.

## **Нәтижелер және талқылау**

Көне әдебиетіміздегі Тұмар ханшайымнан бастап түркі әлеміндегі қайсар әйел образы тарих аренасында алдыңғы қатарға шықты. Ер адамдармен қатар елі мен жерін қорғаудағы түркі аналарының батыл да қайсар мінезі әдебиетіміздің басты тақырыбына айналды.

Соған қарамастан кез келген ғасырда әйел жанының тылсым табиғаты мен жұмбақ әрекеті әлі күнге дейін қаламгерлеріміздің қаламынан тыс қалмады. Әйел затының ішкі иірімдерін түсіну бүткіл әлемнің ежелден шешімін таппай келе жатқан жұмбақтарының бірі. Түрік әйелдерінің қоғамдағы орны жайлы Mухаттем Кауа өз еңбегінде жан-жақты пайымдап, зерделейді [11, 49-6.].

Көне түркі дастандары мен аңыздарында әйелдің ер адаммен тең дәрежеде, үнемі иық тіресе жүріп, сенімді серігі, ақылшысы және ерінің ажырамас бөлігі ретінде суреттеледі. Мысалы, ежелгі дәуір әдебиетінің құнды жәдігерлерінің бірі – Қорқыт ата дастанында әйелді ешқашан ренжітуге және оған қол көтеруге тыйым салынатындығы жайлы атап өтеді [12].

Бай фольклорлық мұраларда кездесетін әйелдер образы көп қырлы болып келеді. Кейбір ертегілерде еріне адал, ақылды, сабырлы әйел бейнесі енді бірде ақылын қызғанышқа жеңдіретін, көрсеқызар зұлым жан кейпіне енеді. Жалпы әлем күн мен түн, қараңғы және жарық, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, мейрімділік пен зұлымдық сынды мәңгілік қарама-қайшылықтарға толы деп есептесек, көркем әдебиеттегі әйел бейнесінің әйел-ана, әйел-құдай, ана-жер болып дүние бастауы кіршіксіз пәк бейнеде суреттелсе, енді бірде мифтік мыстан, жалмауыз немесе сұрқия, айлакер болуы заңдылық та.

Түркі әлемі халықтарының рухани мәдениетінің ерекше құрылымы халықтың бүкіл мәдениетінің: тұрмыс-тіршілігінің, қажеттіліктері мен идеяларының сипатының дамуына кең әсер етеді.

Зерттеуші ғалымдар Н. В. Виницкая және И. А. Шевлякова түркі әлемінің бесігі болған Алтай туралы: «Женская тема часто связана с материнством. Мать может быть изображена как конкретная личность, как кормилица, как родоначальница или богиня Образ дарительницы жизни может быть связан как с образом женщины, так и с образом священного животного», - деп әйел бейнесін тіршіліктің бастауы ретінде көрсетеді [13, 38-6.].

Зерттеуші ғалым С. Қасқабасов өзінің «Магиялық фольклор» еңбегінде ертеде жауын тілеген сәттерде әйел адамды құрбандыққа шалу дәстүрінде су да, әйел де тіршілік көзі деп санаған мифтік сананы көрсете отырып, су мен әйел культін байланыстыра дәлелдейді: «ерте замандарда жауын шақыру ғұрпын орындау кезінде әйел жынысты адамдар құрбандыққа шалынған деп айтуға толық негіз бар. Бұл рәсім әйел мен жаңбырды байланыстыру сенімінің (әйел – өмірдің бастауы, су – жалпы тіршілік бастауы, әйел – жаңбыр) ең соңғы нүктесі немесе ең жоғарғы магиялық шарасы болып табылады» [8, 13-6.].

Абайтанушы ғалым З. Ахметов Абайдың туындыларын зерттеу барысында: «Жазғытұры» атты өлеңінде жылдың осы мезгілінің елге

жайлылығын айтқанда ақын жерді мейірімді анаға, аспанды қамқор әкеге теңейді. Жерді ана бейнесінде алып қарау қазақ халқының ғана емес, басқа елдердің де ой-санасына тән нәрсе», - дей келе барлық қазақ халық үшін әйел культінің, ана культінің жетекші орында екеніне назар аударады [14].

Мифологиялық таныммен қатар, кез келген халық аңыздары мен ертегілерін, балаларға арналаған ертегілерді әйел образынсыз елестету мүмкін емес: «the fairy and folk tales are associated with women as they are tales of old mothers and grandmothers. Fairy and folk tales can be devoted to enhance the concept of women's self-expression because the protagonists of these tales depict powerful female's personality. Simultaneously, strong feminine characters could be found in real and imaginative tales in that both images reflect the influential voices of women» [15, 47-6.].

Кез келген елдің фольклорлық мұрасында әйел тіршілік нәрін себетін жақсылық иесі ғана емес, жағымсыз образдар – мыстан, жезтырнақ, жалмауыз кемпір түрінде де кездеседі. Мыстан мен жалмауыз немесе албастының архетипикалық бейнесі әр халықтың танымдық санасында бар. И. В. Стеблеваның «Очерки турецкой мифологии» еңбегінде Пері образына арнайы тоқталып, оның шығу тегінің иран аңыздарынан бастау алғанын, «паирика» деп аталған әйел жынысты зұлым рух иесі екендігіне назар аударады [7,15-6.]. Бұдан басқа түрік мифтік аңыздарында су стихиясына қатысты өзен жағасында шашын тарап тұратын ұсқынсыз, қорқынышты әйел кейпіндегі жын – албасты кездеседі. Алғашқы кезеңде отбасының қорғаушысы, береке-молшылықты қолдаушы күш иесі тарих пен әдебиет аренасында якут аңыздарында айтылғандай, «аабасты» – зымиян әйел кейпіне енеді. Түрік мифологиясында әйел кейпіне ене алатын келесі рух Алкариси деп аталады. Оны Түркияның Элязыг аумағында «Элкариси» деп те атайды. Ол ешкі, ит, және жас келіншек кейпіне еніп, жаңа босанған әйелдер мен жас нәрестелерге зиянын тигізеді деп есептелген. Түркі дүниетанымындағы зұлым күш иелерінің көбінің әйел кейпінде суреттелуін ғалым Зира Наурызбаева ата-бабаларымыздың әйел құдайларды қастерлеуімен байланыстырады: «Жағымсыз әйел бейнесінің бұлай үстем түсуі қоғамның патриархалдық сипатына және әйел затына деген бейсана деңгейдегі қорқыныштан ғана емес, сонымен бірге парадокс болса да, арғы ата-бабаларымыздың әйелді қастерлеуіне де байланысты. Ертедегі ата-бабаларымыз заты әйел құдайларды қастерлеген, сондықтан қазіргі қазақта әйел демонологиясы бай» [16].

Жалпы әйел-ана бейнесі барлық елдің ауыз әдебиетінде өмірдің бастауы - киелі ұғым болса да, ауыз әдебиетіндегі ертегілер мен мақал-мәтелдерде, эпостық туындыларда әйел бойындағы қасиеттерді санамалай келе: әйелдің жағымды қасиеттеріне ақылдылық, даналылық, мейірімділік, тапқырлықты

жатқызса, жағымсыз - қатыгездік, айлакерлік, көпсөзділік пен шайпаулық, ақылсыздық сынды жағымсыз қасиеттерін де атап өтеді.

Осылайша кез келген халықтың сөз өнерін, тіл байлығының молдығын байқататын ауыз әдебиетінің түрі – мақал-мәтелдерде де әйел бейнесі әр қырынан суреттеледі. Ғасырлар бойы халықтың өмірлік тәжірибесінен туындағын мақал-мәтелдерде әр елдің қоғамдық және жеке адамдарының мінез-құлқы, ойлау стилі жатыр. Тіршілік культіне айналған Құдай-Ана, Батыр-әйел халықтың дамуымен қатар бірте-бірте отбасының ұйытқысы қарапайым жан иесіне айналады.

Түрік мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесі Hatice Sahin, Batur Zekerya, Ozge Can зерттеулерінде жан-жақты пайымдалады. Бұл ретте Hatice Sahin отбасы институтының өмір сүруіндегі әйел мен ердің міндеттеріне тоқтала келе, баланы туып, өсіретін әйел болғандықтан тәрбие басы әйелде деген тоқтамға келсе, Batur Zekerya «Мақал-мәтелдер мен идиомалардағы әйелдердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері» еңбегінде ана болмысына, қыз бала тәрбиесіне қатысты мақал-мәтелдерге талдау жасайды. Жалпы түрік мақал-мәтелдерінде әйел атауынан: кемпір, ана, қыз, әйел, шаш немесе қалыңдық қатысты 388 мақал-мәтелдер мен идиомалар анықталған.

Түрік мақал-мәтелдеріндегі әйелге тән үнемшілдік, тектілік, адалдық, тапқырлық пен сұлулық және күйеуіне тірек болу, үйдің шаңырағын шайқалтпай ұстайтын ылықты жан ретіндегі қасиеттері дәріптелсе, керісінше сараңдық, олақтық, қыңырлық пен қырсықтығын сынға алады.

Түбі бір туыстас түрік және қазақ мақал-мәтелдерінің ұқсастығы өте мол. Бірқатар түрік мақал-мәтелдерінде әйелдің айланы мен қулығы оның күшін көрсететін артықшылық ретінде берілген. Атап айтатын болсақ, түріктердегі «The woman's behaviour beat the man» (Әйелдің қулығы ер адамды ұрып жығады) қазақ тілінде «Бір әйелдің қулығы қырық есекке жүк болады» немесе «Әйелдің күші жоқ, айланы көп».

Әйелдің шектен тыс сезімталдығы мен мінез құбылмалығы, сұлулығы кей жағдайда оны жағымсыз кейіпте көрсетіп отырады. Олардың көңіл күйінің эмоционалдық құбылмалығы паремиялогиялық сипатта беріледі. Түріктердегі «A woman's hair is long, her mind is short» мәтелі қазақ тілінде де дәлме-дәл, сөзбе-сөз беріледі: «Әйелдің шашы ұзын ақылы қысқа».

Түрік мақалдарында әйелдің отбасының әрбір мүшесін қамқорлық пен мейрімділікке бөлеу арқылы шаңыраққа жайлылық пен тыныштықты, береке-бірлік әкелетін ізгілік қасиеттеріне ерекше назар аударылады. Үйдің береке-бірлігін кіргізетін әйелдің отбасындағы, қоғамдағы орны дәріптеледі. Мысалы, түрік тілінде берілген «God cannot destroy a house built by a woman, a house built by a woman cannot be destroyed by God» (Құдай әйел салған үйді бұза алмайды, әйел салған

үйді Құдай бұзбайды) немесе «The female bird makes the nest» (Ұяны ұрғашы құс салады) мақалдары қазақ тілінде «Әйел үйдің көркі-еркек түздің көркі», «Әйел – үйдің қазығы» деп кез келген отбасының берекесі әйел заты екендігін баса атап көрсетеді.

Сонымен қатар, ер адамның табысы мен күш-қуатына әйелдің ықпалын білдіретін мақал-мәтелдер де бар. Бұл ретте әйел жаман және жалқау адамды табысты ете алатын ынталандырушы күш ретінде көрінеді. Отбасын құруда, отбасы институтының жазылмайтын заңдарындағы ері мен әйелі арасындағы қарым-қатынасты білдіретін қазақтың «Жақсы әйел – жаман еркекті хан етеді, жаман әйел – жақсы еркекті құл етеді» деген нақыл сөз түрік халқындағы «A woman can make her husband a vizier if she wants, and humiliate him if she does not want to» (Әйел қаласа күйеуін уәзір ете алады, қаламаса масқара ете алады» мақалымен үндес жатыр.

Кез келген ұлт пен ұлыста ана – мейірімділік пен қамқорлықтың, сүйіспеншілік пен шексіз махаббаттың иесі, сол себепті де ана бейнесі отбасы құндылықтарымен, теңдесіз бақытпен тең. «The mother is the corner of heaven» (Ана–аспанның бір бұрышы) – «Жұмақтың кілті ананың аяғының астында», «He who does not have a mother does not have a father» (Анасы жоқтың әкесі жок) – «Әкесіз жетім-зор жетім, шешесіз жетім-шын жетім», «Maternal debt can not be paid» (Ана қарызы төленбейді) – «Анаңды Меккеге үш аркалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген қазақ мақалдарымен барабар.

Отбасын құрып, шаңырақ көтеруде қыз баланы анасына қарап таңдау құбылысының екі халықта да бар екендігіне көз жеткізуге болады. Атап айтсақ: «Look at the mother, take the daughter» ( Анасына қарап қызын ал) – «Шешесіне қарап қызын ал» немесе «Look at the fabric, take the thing, look at the mother, take the daughter» (Матасына қарап, затын ал, анасына қарап қызын ал) – «Аяғына қарап асын іш, анасына қарап асын ал» т.б.

Осылайша, түркі әлеміндегі әйел бейнесі үй шаруашылығымен тығыз байланысты тұлға ретінде көрінеді. Әйелдің үйге қатысты ұстанымы ер адамның отбасылық өмірдің қызмет етуіне қосқан үлесінен де құндырақ болып есептеледі. Әр отбасының бара берді бүтін бір әулет әйелдің ақылдылығы мен даналығына байланысты құрылып, татулықта өмір сүреді.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі ертегілерде әйел бейнесі суреттелетін тұстары мол. Түрік ертегілері жайында сөз еткенде Осман империясының халық ағындары көшіп-қонып, араласып, бірін-бірі ығыстырып отыратын ежелгі ел екендігін есте ұстаған жөн. Әсіресе этникалық жағынан әртүрлі елдер орналасқан Стамбулда басым көпшілігі түріктер болғанына қарамастан, гректер, армяндар, еврейлер және арабтар мен албандар, сербтер мен валахтар, грузиндер мен абхаздар, парсылар мен



сығандар тұратын. Сондықтан түрік ертегілерінің сюжеттік желісінде басқа халықтардың да өзіндік ерекшеліктері бой көрсетіп отырады.

Осыған орай, сауатсыз болып саналатын «кәрі әжейдің ертегілері» мен кофеханаларда кәсіби әңгімешілер – меддалар айтатын халық әдебиетінің ертегілерін атап өтуге болады. «Кәрі әжейдің ертегілерін» түрік халық шығармашылығының төл туындысы деп есептесек, меддалар айтатын ертегілер тобы араб әдебиетіне еліктеу нәтижесінде туған.

Түрік халық ертегілеріндегі әйел образдарына тән ерекшелік – басқа да шығыс әдебиеті секілді ең алдымен шығыс сұлуларының сыртқы келбетін мадақтау керек. Бірақ, кейіпкерлердің сыртқы келбетіне ғана құрғақ тамсану ертегілерде сирек кездеседі. Сол себепті кей ертегілерде кейіпкерлердің сырт келбеті, түр-түсі не мүлде суреттелмейді, не кейіпкерді дарлау мақсатында емес, типті сипаттайтын жеке детальдар арқылы беріледі. Мысалы мына бір үзіндіде кейіпкердің сыртқы келбеті егжей-тегжейлі сипатталған, бірақ бұл оқиғаның күлкілі сипатын ашу мақсатында пайдаланылған: (аудармасы) «Қызым, менің қызым! О, сен, гауһар қызым, гауһар қызым! Ей, қызым, раушан гүлдей бетті, көк көзді, қара қасты, сия сауыттай домалақ еріндім, шиедей еріндім! Қызым, қос мойын, айвадай сүттей аппақ қызым! О, сен менің бүкіл өмірімсің! Он төрт күнде жаңа туған айдайсың. Сенің күмістей мына қолдарыңа раушан гүлін жинау қиын емес пе? Қолыңызға тікенектер кірмесін! Әй, әлгі алтын бұйраларыңды шашып, тарқатқаныңа өкінбейсің бе?» [17].

Сондай-ақ әйелді мемлекет билеушісі ретінде көрсету түрік ертегілерінде көп кездеспейді. Көбінесе олар падишаның әйелі («патшайым», «сұлтан-ана», «ханым-сұлтан»), немесе оның қызы («ханшайым»). Бір ғана («Жейлен ханым және падишахтың ұлы») ертегісінде билеуші әйел кейіпкер бар. Осман империясының тарихында әйелдер «әйел сұлтандығы» деп аталатын гаремде шымылдық артында мемлекетті басқарған кезі болғанымен әйелдің мемлекет басшысы ретіндегі беделінің болмауы ғылыми ортада «әйел сұлтандығы» кезеңінен кейін Осман империясының ыдырауы басталды» деген басым пікірмен байланысты деп болжауға болады.

Қорытындылай келе, түрік ертегілерінде әйелдер бейнесінің сыртқы келбеті өмірдегі сияқты, бейтаныс көздерден жасырылатындығын анық байқауға болады. Ертегілердегі ең көп таралған бейнелер – үялшақ және мойынсұнғыш қыздар образы. Түрік дәстүріндегі халық ертегілерін жеткізушілерінің бір тобы әйелдер болғанымен, олар рұқсат етілген шеңберден шықпай, кейіпкерлерін ерлерге бағынышты күйде қалдырған. Ал, бұл өз кезегінде ертегілердегі әйелдер образының түріктердің дәстүрлі дүниетанымымен өзара байланысын айқын танытады.

### **Қорытынды**

Түркі дүниетанымындағы рухани мәдениетінің құрылымы жалпы халықтың тұрмыс-тіршілігінің, қажеттіліктері мен идеяларының даму сипатына тигізген әсері мол.

Фольклорлық мұралардағы әйелдің архетипикалық бейнесі әр халықтың танымдық санасынан хабардар етеді.

Тіршілік культіне айналған Құдай-Ана, Батыр-әйел бейнесі қоғамның даму эволюциясына сәйкес отбасының қазығы болған қарапайым жан иесіне айналды.

Түрік және қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі әйел – ана бейнесі – шексіз мейірім мен қорғаныштың иесі.

Түрік халық ертегілеріндегі әйелдер образы Осман империясы территориясын мекендеген түрлі этнос өкілдерінің ұлттық болмысының көркемдік дәстүрлеріне негізделіп құрастырылған.

Түрік ертегілеріндегі әйел образын жасауда ислам үстем дін ретінде айқын көрініс тапқан.

Түрік ертегілері жеткізушілер арқылы ауызша таралғандықтан, «авторлық» өңдеуден өтіп, өзгеріске ұшырап отырған.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Смайлов, А.** «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің линвомәдени сипаты. канд.дисс.авторефераты [Мәтін]. – Алматы. – 2008. – 24 б.

2 **Байтұрсынов, А.** Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер [Мәтін]. – Алматы : Атамұра. – 2003. – 208 б.

3 **Әуезов, М., Ысмайылов, Е.** Қазақ ертегілері. Кітапта: Қазақ ертегілері. Т. 1. [Мәтін]. – Алматы : Қазкөркембас. – 1957. – 7–36 бб.

4 **Ғабдуллин, М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті [Мәтін]. – Алматы : Рауан. – 2013. – 456 б.

5 **Қоңыратбаев, Ә.** Қазақ фольклорының тарихы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі баспасы. – 1991. – 288 бет.

6 **Турсунов, Е. Д.** Генезис казахской бытовой сказки [Текст]. – Алма-Ата : Наука, 1973. – 304 с.

7 **Стеблева, И. В.** Очерки турецкой мифологии: по материалам восточной сказки [Текст]. – Москва : Вост.лит, 2002. – 102 с.

8 **Қасқабасов, С.** Магиялық фольклор / Бабалар сөзі. Т. 93. [Мәтін]. – Астана : Фолиант. – 2013. – 432 б.

9 **Гордлевский, В. А.** Из османской демонологии / Избранные сочинения. Т.4. [Текст]. – Москва : Вост.лит. – 1962. – 317 с.

10 **Балакина, Е. И., Нехвядович, Л. И.** Образ матери в тюркской мифологии и его значение для развития креативных индустрий регионального туризма (на примере изобразительного искусства Алтая) [Текст] // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2023. – 16(8). С. 1271–1284.

11 **Muharrem, Kaya.** Turk halk anlatilarinda kadin [Metin] // Toplumbilim. – 2015. – 15. – P. 49–55.

12 **Gunduz, Ahmet.** Tarihi Surec Icerisinde Turk Toplumunda ve Devletlerinde Kadinin Yeri ve Onemi [Metin] // The Journal of Academic Social Science Studies, International Journal of Social Sciences. – 2012. – 5(5) – P. 129–148.

13 **Виницкая, Н. В., Шевлякова, И. А.** Типология мифопоэтических женских образов (на примере творчества современных художников Алтая) [Текст] // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. Вып. XXVIII. – Барнаул : АлтГУ. – 2022. – 480 с.

14 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі. – 1995. – 272 б.

15 **Luma Ibrahim, Al-Barazenji.** Women's voice and images in folk tales and fairy tales [Text] // College of Basic Education / Diyala University/ Iraq IJASOS - International E-Journal of Advances in Social Sciences. – Issue 1. – 2015. Vol. I.

16 **Наурызбаева, З.** Қазақ филологиясындағы әйел. <https://qalam.global/kk/articles/qazaq-mifologiiasyndagy-aiel-kz-33>

17 Тюркские народные сказки [Пер. с тур.]. – М. – 1967. – 479 с.

## References

1 **Smailov, A.** «Aiel» kotseptisin kalyptastyratyn turakty tirkesterdin linvomadeni sipaty. kand.diss.avtoreferaty [Linguocultural character of idioms forming the concept of «woman»] [Matin].-Almaty, 2008. – 24 p.

2 **Baitursynov, A.** Adebiet tanytkysh : zertteu men olender [Literature: research and poems] [Matin]. – Almaty : Atamura, 2003. – 208 p.

3 **Aueзов, M. Ysmailov, E.** Kazak ertegileri. Kitapta : Kazak ertegileri. T. 1. [Kazakh fairy tales. In the book : Kazakh fairy tales. Vol. 1.] [Matin]. – Almaty : Kazkorkembas, 1957. – 7–36 pp.

4 **Gabdullin, M.** Kazak halkynyn auyz adebieti [Oral literature of the Kazakh people] [Matin]. – Almaty: Rauan, 2013. – 456 p.

5 **Konyratbaev, A.** Kazak folklorynyn tarihy [History of Kazakh folklore] [Matin]. – Almaty : Ana tili baspasy, 1991. – 288 p.

6 **Tursunov, E. D.** Genezis kazahskoi bytovoi skazki [The genesis of the Kazakh household fairy tale] [Text]. – Almaty : Nauka, 1973. – 304 p.

7 **Stebleva, I. V.** Ocherki turetskoi mifologii: po materialam vostochnoi skazki [Essays on Turkish mythology : based on the materials of an Oriental fairy tale] [Text]. – Moscow : Vost.lit, 2002. – 102 p.

8 **Kaskabasov, S.** Magiyalyk folklore / Babalar sozi. T. 93. [Magical folklore / Word of ancestors. Vol. 93.] [Matin]. – Astana : Foliant, 2013. – 432 p.

9 **Gordlevski, V. A.** Iz osmanskoi demonologii / Izbrannye sochineniya. T. 4. [From Ottoman demonology / Selected works. Vol. 4.] [Text]. – Moscow : Vost.lit, 1962. – 317 p.

10 **Balakina, E. I., Nehvyadovich, L. I.** Obraz materi v turkskoi mifologii I ego znachenie dlya razvitiya kreativnyh industrii regionalnogo turizma (na primere izobrazitelnogo iskusstva Altaya) [The image of the mother in Turkic mythology and its significance for the development of creative industries of regional tourism (on the example of the fine arts of Altai)] [Text] // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – 2023. – 16(8). – 1271–1284 pp.

11 **Muharrem, Kaya.** Turk halk anlatilarinda kadin [Women in Turkish folk narratives] [Metin] // Toplumbilim. – 2015. – 15. – 49–55 pp.

12 **Gunduz, Ahmet.** Tarihi Surec Icerisinde Turk Toplumunda ve Devletlerinde Kadinin Yeri ve Onemi [The Place and Importance of Women in Turkish Society and States within the Historical Process] [Metin] // The Journal of Academic Social Science Studies, International Journal of Social Sciences. – 2012. – 5(5) – 129–148 pp.

13 **Vinitskaya, N. V., Shevlyakova, I. A.** Tipologiya mifopoeticheskikh zhenskikh obrazov (na primere tvorchestva sovremennykh hudozhnikov Altaya) [Typology of mythopoetic female images (on the example of the work of modern Altai artists)] [Tekst] // Sohranenie i izuchenie kulturnogo nasledstva Altaiskogo kraia. Vyp. XXVIII. – Barnaul : AltGU, 2022. – 480 p.

14 **Ahmetov, Z.** Abaidyn akyndyk alemi [The poetic world of Abai] [Matin]. – Almaty: Ana tili, 1995. – 272 p.

15 **Luma Ibrahim, Al-Barazenji.** Women's voice and images in folk tales and fairy tales [Text] // College of Basic Education / Diyala University/ Iraq IJASOS- International E-Journal of Advances in Social Sciences, Vol. I, Issue 1, 2015.

16 **Nauryzbaeva, Z.** Kazak filologiyasyndagy aiel. [Woman in Kazakh philology] <https://qalam.global/kk/articles/qazaq-mifologiyasyndagy-aiel-kz-33>.

17 Turetskie narodnye skazki [Turkish folk tales] [Per. s tur.]. Moscow, 1967. – 479 p.

09.04.24 ж. баспаға түсті.

31.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Ж. Ж. Аитова<sup>1</sup>, А. К. Хусаинова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 09.04.24.

Поступило с исправлениями 31.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

## **ОСОБЕННОСТИ ОБРАЗА ЖЕНЩИНЫ В ТУРЕЦКОЙ УСТНОЙ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ**

*В этой статье анализируется образ женщины в турецкой литературе в сравнении с казахской народной литературой, обсуждается культ женщины в фольклорном наследии в единстве с мифическими явлениями в тюркском мировоззрении и образ женщины в сказках и пословицах.*

*В настоящее время проблемы сравнительного анализа образа матери, проявления женских персонажей в фольклорном наследии, и определения общественной роли женщины в устной литературе являются одними из актуальных тем с точки зрения гендерной политики. В целом, передача женского образа в художественной литературе рассматривается в литературоведении от народной устной литературы к литературе современного периода. Поэтому в исследовательской статье анализируется роль образа женщины в развитии человечества древнетюркского периода, и раскрывается момент становления женщины хранителем очага в семье. Подчеркивается, что характер женского образа на начальном этапе постепенно приобретает позитивный или негативный характер, обусловленный развитием общества, влиянием соседней литературы. Определяется место женского образа в турецких и казахских пословицах и поговорках в создании института семьи. В целом в исследовательской статье рассматривается проблема духовных ценностей в тюркском мировоззрении, анализируется большое наследие турецкой устной литературы вместе с бытовой жизнью народа, рассматриваются специфические особенности турецкой литературы в рамках мировой фольклористики.*

*Ключевые слова: сюжет, мифология, архетипический образ, культ женщины-матери, медда, мифическое сознание, паремология.*

\*Zh. Zh. Aitova<sup>1</sup>, A. K. Khusainova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 09.04.24.

Received in revised form 31.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

## THE FEATURES OF THE PORTRAYAL OF WOMEN IN TURKISH ORAL FOLKLORE

*This article analyzes the image of a woman in Turkish literature in comparison with Kazakh folk literature, discusses the cult of a woman in folklore heritage in unity with mythical phenomena in the Turkic worldview and the image of a woman in fairy tales and proverbs.*

*Currently, the problems of comparative analysis of the image of the mother, the manifestation of female characters in folklore heritage, and the definition of the social role of women in oral literature are among the relevant topics from the point of view of gender policy. In general, the transfer of the female image in fiction is considered in literary studies from Folk oral literature to the literature of the modern period. InTherefore, the research article analyzes the role of the image of a woman in the development of mankind of the ancient Turkic period and reveals the moment when a woman became the keeper of the hearth in the family. It is emphasized that the character of the female image at the initial stage gradually acquires a positive or negative character due to the development of society and the influence of neighboring literature. The place of the female image in Turkish and Kazakh proverbs and sayings in the creation of the institution of the family is determined. In general, the research article examines the problem of spiritual values in the Turkic worldview, analyzes the great heritage of Turkish oral literature along with the everyday life of the people, and examines the specific features of Turkish literature within the framework of world folklore.*

*Keywords: plot, mythology, archetypal image, cult of a woman-mother, medda, mythical consciousness, paremiology.*

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)